ЭКОНОМИКА

Су секторындағы тиімділік тетіктері

Қазіргі мыңжылдықтағы күрделі мәселенің бірі болып отырған су тапшылығы әлемнің бірқатар аймақтарында экологиялық жағдайдың нашарлауына, көлдер мен өзендердің тартылып, халықтың арасында ауру-сырқаудың өсуіне әкелді. Су тақырыбының көптеген халықаралық және аймақтық конференцияларда, Дүниежүзілік су форумында талқылануы бұл мәселенің бүгінгі таңда қаншалық маңызды болып отырғандығын көрсетеді.

Парида СУЛТАНБЕКОВА, «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент

Қазақстан көршілес елдердің бәрімен трансшекаралық өзендер суларын ортақ пайдаланып, бірлесіп қорғау туралы келісім-шарттар жасады, көршілес мемлекеттермен тіл табысып, ортақ су қорларын бірлесе отырып басқару жөнінде келісімдерге қол қойылуы – Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында қол жеткен үлкен табыстарының бірі. Су – тіршілік көзі. Яғни тұрақты экономикалық даму – сумен тұрақты қамтамасыз етілуге тікелей байланысты. Мысалы, күніне әр адам 150-200 литрге дейін су пайдаланады. Ал жеңілі-ауыры бар өндіріс атаулы, ауыл шаруашылығы сусыз бір күн жұмыс істей алмайды, тоқтайды, тоқырайды. Сондықтан осы салада істейтін мамандардың, әсіресе, жұмысты ұйымдастыратын басшылардың кәсіби білім-біліктілігі мен қабілеттілігіне бірінші кезекте назар аудару керек.

Су қорының жетіспеушілігі қай елде болмасын, оны басқару жүйесінің тиімсіздігі нәтижесінде күрделене түсері сөзсіз. Бұл экономиканың көптеген секторларында, сондай-ақ аймақтарда су тапшылығын туғызады. Сонымен қатар су қорларының ластануы тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуге және өмір сүру деңгейін жақсартуға кері әсер етері анық. Су деген – бар салаға, ауыл шаруашылығына да, өндіріске де, қалаға да, далаға да ортақ ресурс. Су – қоршаған орта. Оның тазалығы, өсіп-өнетін биологиялық әр алуан түрлердің қорғалуы, экологиялық ахуалы тұрақты назарда болуы тиіс.

Суды есептен жұмсау, ластамау, оны үнемді пайдалану үшін жаңа әдістер мен технологияларға көшу, мейлі ол өндірісте, ауыл шаруашылығында, иә қалада-далада болсын, су пайдаланушылардың бәріне қатысты. Сондықтан қазір заңға сәйкес біздегі сегіз өзен торабының әрқайсысында бассейндік кеңес құрылған. Оған барлық су пайдаланушылар қатысады. Олардың белгіленген мөлшерде су алуы, үнемді пайдалану үшін жаңа технологияларды өндіріске енгізуі, қай өзен суы таязыды, неге, ертеңгі жағдай қалай болады, міне, осы жәйттер аталған тұрақты кеңестерде қаралып, жауапкершілік сұралып, судың да сұрауы бар екендігіне қатаң назар аударылады.

Су – планетамыздағы тіршіліктің негізі, оны басқа ештеңемен ауыстыру мүмкін емес. Жер бетінің 70 пайызын су алып жатқанымен, оның бір пайызы ғана ішуге жарамды. Оның үстіне жыл сайын жер шары халқының саны және өндірістің өсе түсуіне қарай су тұтыну көлемі де ұлғайып, дүние жүзінде сумен қамтамасыз ету де қиындай түсуде. Су – өмірдің негізі, ол – экология, — экономика, — саясат. Жер шарындағы кез келген мемлекет үшін су бірінші кезектегі мәселе болып саналады. Суды дұрыс пайдалану арқылы әр мемлекет өзінің даму болашағын айқындайды.

Қалыптасқан мемлекеттің жаңа кезеңдегі саяси бағытын айқындаған «Қазақстан – 2050» стратегиясына сәйкес, алдымызда әлемнің дамыған отыз елінің қатарына қосылу міндеті тұр. Ол экономикалық дамуды одан әрі көтеру, халықтың әл-ауқатын жақсарта түсу мақсатын көздейді. Яғни тұрақты экономикалық даму қажет. Ал бұл міндеттің орындалуы бар саланы сумен тұрақты қамтамасыз етуге тікелей байланысты. Осы жерде жыл сайын күрделене түсіп отырған су мәселесіне қатысты маман ретінде мына бір жәйтке назар аударғым келеді. Елімізде 16 млн шамасында халық – қарапайым су тұтынушы бар. Оның әрқайсысы күніне су ішеді, тұрмыс-тіршілігіне жаратады. Ал әлемде қазір әр адамға күніне үш-ақ литрден су келетін елдер бар. Күнделікті бар тірлігіне осы 3 литрді жеткізуің керек. Міне, жағдайдың қалай қиындап отырғанын осыдан-ақ бағамдай беріңіз.

Осы тұрғыда су мамандарын даярлайтын оқу орындарында ғана емес, мектеп қабырғасынан бастап судың сұрауы бар дегенді санаға сіңіру, барлық оқу өндірістік үдерістер барысында суға есеп, үнем қажеттігі туралы жаңа көзқарасты қалыптастыруға тұрақты түрде көңіл бөлінуі тиіс. Қазіргі таңда бүкіл әлемді алаңдатып отырған жаһандық мәселенің үлкені – су жетіспеушілігін біз де дамуымызды тежеуші, өмір деңгейі мен сапасына кері әсер етуші жағдай ретінде түсініп, бұл мәселеге тереңірек қарағанымыз жөн. Өйткені, су – біздің ортақ болашағымыз. Адамзат баласының алтын бесігі – Жер-ананың ертеңі суға байланысты.

Жыл сайын жер шары халқының саны және өндірістің өсе түсуіне қарай су тұтыну көлемі де ұлғайып, дүние жүзінде сумен қамтамасыз ету де қиындай түсуде. Жыл сайын күрделене түсіп отырған су қорларының жағдайына жауапкершілік салмағы, қалай айтсақ та алдымен сала мамандарына түсері анық. Қазіргі таңда еліміздің су шаруашылығын дамыту стратегиясын, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды жүзеге асыру, қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдер базасын жетілдіру, су шаруашылығы бағытындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында ауқымды жұмыстардың қатарына – су шаруашылығы саласының білікті маманын дайындау да жатады. Өйткені еліміздің құдіретін арттырып, су шаруашылығы саласын жоғары деңгейге жеткізуде сала мамандарының арқалар жүгі орасан зор. Тиянақты білім алып, білікті маман болу бәселестікке төтеп берудің алғы шарты.

Осы бағытта М.Әуезов атындағы ОҚУ «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасында 6В08610-«Су ресурстары және суды пайдалану», 6В07330-«-Сумен қамтамасыз ету, суды бұру және су ресурстарын қорғау» білім беру бағдарламалары бойынша су секторы саласының басекеге қабілетті мамандары дайындалуда. Аталған Білім беру бағдарламаларының мақсаты - Су ресурстарын кешенді басқару және суды ұтымды пайдалануда алдыңғы қатарлы әдістерін қолдану, зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізудің озық әдістеріне ие, IT-технологиялардағы жаңа жетістіктерді қолдана отырып, жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. Кафедра су саласына қатысты кәсіпорындар: РМК «Қазсушар» ОҚФ, «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС, РМК «Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық мелиоративтік экспедициясы» және «Суқұрылыспроект» ЖШС. «Проект -А» ЖШС сияқты т.б. өндіріс орындарымен тығыз байланыста.

Су шаруашылығы саласы төңірегіндегі мәселелерді шешу мамандардың біліктілігіне тікелей байланысты. Себебі, қазіргі таңда техниканың өркендеуі мен, жаңаруы айлап емес сағаттап жаңаруда. Сондықтанда су шаруашылығы саласы бойынша білім алушыға жүктелетін міндет жеңіл емес. Біз жастарды бәсекеге төтеп беретін, өмір талабына сай жетік маман болуға шақырамыз. Сонда ғана біз су мәселесі сынды күрделі де өмірлік маңызды саланың күрмеулі мәселелерін шешуге батыл қадам жасай аламыз.

ВЕТЕРИНАРИЯ

Өмір салтының өзегі

Қазақстан Республикасындағы ветеринарлық қызметтің басты мақсаты шаруашылықтарда сапалы және дер кезінде ветеринариялық іс-шаралар жүргізу, жануарларды инфекциялық емес, инфекциялық және паразиттік аурулардан тазарту, қауіпті эпидемиялардың алдын алу, мал басының ауруын азайту болып табылады. Ветеринария саласының экономикалық, биологиялық және санитарлық маңызы да жоғары.

Дина МЫРЗАХАНҚЫЗЫ, АП-20-8к2 тобының студенті

Жануарларды емдеу туралы ең көне мәліметтер 4 мыңыншы жылдардан бері белгілі болды. Ветеринарияның дамуы медицина, биология, химия, физика сияқты жаратылыстану ғылымдарының дамуымен тығыз байланысты. Ежелгі ветеринарлық құжат ежелгі Египеттің Кауна Папирусы болып табылады, ол біздің эрамызға дейінгі 1800 жылдардан басталады (Орта Патшалық). Қазақстанда 1810 жылға дейін жануарлардың ауруларын емдеу қазақтардың өздері, содан кейін Ресейден келген ветеринария мамандары арқылы жүзеге асырылды.

1891 жылдан бастап ветеринарлық қызмет жекешелендіріліп, өз жолымен таратылды, Омбы, Тобольскідегі ветеринарлық мектептердің мамандары, сондай-ақ Варшава мен Қазандағы ветеринарлық бактериологиялық зертханалар Оралда ашылды. 1920 жылы ветеринария бөлімі құрылып, ғалымдар А.Петровский, У.Базанов. Қазақстандағы ветеринария саласының дамуына И.Исенгулов, А.Сейдалин және басқалар өз үлестерін қосты. Қазақстанда ветеринария саласындағы қадағалау органдары мемлекеттің бақылауында. Ветеринариялық дәрі-дәрмектерді өндіру саласы бәсекелестік ортаға да назар аударады. Ветеринария саласы ветеринариялық-санитарлық талаптарды, мал шаруашылығындағы технологиялық процестердің мөлшерін және ұйымдастырылуын, сапалы мал мен жануарлардан алынатын өнімдерді алу, мал басын көбейту және бордақылаудағы малдарды қажет етеді.

Ветеринариялық шараларға жануарлар ауруларының пайда болмауын, таралуын болдырмау немесе жою, оның ішінде алдын алу, емдеу немесе диагностикалау; жануарлар мен адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін ерекше қауіпті аурулармен ауырған жануарларды зарарсыздандыру және жою; жануарлардың өнімділігін арттыру; жануарлар мен адамдардың денсаулығын жұқпалы аурулардан сақтау жатады. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қоса алғанда, жануарлардан шыққан өнімдер мен шикізаттың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған эпизоотияға қарсы, ветеринариялық-санитариялық процедуралар жиынтығы, соның ішінде жануарлар мен адамдарға ортақ .

Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңы – бұл сау және ауру жануарлардың тіршілік ету заңдылықтары, аурудың себептері, ауру жануарларды анықтау, емдеу әдістері туралы білімді толық қамтитын ғылыми білім кешені алдын-алу және күтіп-бағу, жануарларды тамақтандыру, жұмыспен қамту жолдарын, сондай-ақ адамдарды жануарлар мен адамдарға ортақ аурулардан сақтандыру шараларын ескеру. Қазақ елі қашанда аграрлы мемлекет. Алайда, елімізге 12 мыңға жуық мал дәрігері жетіспейді. Сондықтан, бүгінде мал дәрігерлерін дайындау мәселесіне ден қойылып отыр. Жоғары оқу орындары мен колледждерде осы мамандық бойынша грант көлемін ұлғайту қолға алынып келеді. Сондай-ақ, алдағы жылы мал дәрігерлерінің жалақысын көбейту көзделген.

Жылына елімізде 500-600 жас ветеринар мамандық алады. Соның 15-20 пайызы ғана ауылға барады. Көбісі қалада қалып қояды. Ресми мәліметтер бойынша, бүгінде отандық ветеринария саласындағы жұмыс орындарының 13 пайызы әлі де бос тұр. Кейбір ауылдық жерлерде мал дәрігері мүлдем болмаса, басқа елді мекендерде бір мал дәрігері бірнеше адамның жұмысын атқарады. Ветеринарияның алдында тұрған өзекті мәселелер: жануарларды инфекциялық аурулардан (оның ішінде вирустық және гельминтоздардан) қорғаудың жаңа әдістерін табу, адамзатты осы аурулардан қорғау, біздің елде ветеринариялық географияны зерттеу арқылы жұқпалы аурулардың таралуын болдырмау, малды инфекциялық аурулардан сақтау шаруа қожалықтары және ауру малды емдеу, осылайша мал санының көбеюіне тікелей ықпал ету.